

Петровка селосы көшелерінің атауын өзгерту туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы Петровка селолық округі әкімінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі N 06 шешімі. Ақмола облысы Шортанды ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 23 сәуірде N 1-18-54 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағының, 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармағының негізінде 2007 жылдың 19 сәуіріндегі Петровка селосының тұрғындар жиынының хаттамасына сәйкес Шортанды ауданының ономастика және тіл саясаты жөніндегі комиссияның 2007 жылғы 3 шілдедегі № 4 шешімімен Петровка селолық округінің әкімі **ШЕШІМ**

Е Т Е Д І :

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Шортанды ауданы Петровка селолық округі әкімінің 23.07.2015 № 14 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Петровка селосы көшелерінің атаулары өзгертілсін:
 - 1) Ленин көшесі - Жамбыл көшесіне,
 - 2) Калинин көшесі - Құрманғазы көшесіне,
 - 3) Куйбышев көшесі - Мүсірепов көшелеріне,
 - 4) Горький көшесі - Төле би көшесіне,
 - 5) Қазанның 70 жылдығы көшесі - Желтоқсан көшесіне.

2. Осы шешім Шортанды ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен кейін күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа түседі.

*Петровка селолық
округінің*

әкімі

В.Игнатов

КЕЛІСІЛДІ:

*" Ш о р т а н д ы а у д а н ы
м ә д е н и е т ж ә н е т і л д е р д і
д а м ы т у б ө л і м і "
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і н і ң*

бастығы

Т.Бартош

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК